



С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. АМАНЖОЛОВА

КЕЛІСІЛДІ/ СОГЛАСОВАНО
«Улан ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Гаврия
орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі


М.Ф. Мухитов
ТАӘ/Ф.И.О

БЕКІТІЛДІ/ УТВЕРЖДЕНО
Факультет кеңесінің төрағасы /
Председатель совета факультета


Куленова Г.Б.
ТАӘ/Ф.И.О
Хаттама / Протокол
№ 10 « 11 » 06 2020ж/г

ПӘН БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)/
ПРОГРАММА ДИСЦИПЛИНЫ (SYLLABUS)

Әскери медициналық дайындық

Оқу пәнінің атауы/наименование учебной дисциплины

5B010400 – Бастапқы әскери дайындық

(БББ атауы және коды/код и название ОП)

Оқу түрі / Форма обучения _____ күндізгі, ОБ
(күндізгі / очная, ОБ/СО)

Курс/Курс _____ 4 _____
Семестр/Семестр _____ 7 _____
Кредиттер саны/Количество кредитов _____ 5 _____
Дәрістер/Лекции _____ 20 _____
Практикалық (семинар) сабақтар/
Практические (семинар) занятия _____ 30 _____
Зертханалық сабақтар/
Лабораторные занятия _____
БӨЖ / СРОП _____ 25 _____
БӨЖ / СРО _____ 75 _____
Емтихан / Экзамен _____ 7 _____ семестр

Өскемен, 2020 ж.

Құрастырушы / Составитель: М.э.к., доцент Адильбекова А.Б.
(Оқытушының Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі / ФИО преподавателя, ученая степень, ученое звание, должность)

Пән бағдарламасы / Программа дисциплины (Syllabus)

Пәннің бағдарламасы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы № 603 бұйрығы) негізінде жасалған / **Программа дисциплины** разработана на основании типовых учебных программ цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и (или) послевузовского образования (Приказ МОН РК от 31.10.2018 г. № 603) (жалпы білім беру пәндері үшін / для общеобразовательной дисциплины);

Пәннің бағдарламасы (Syllabus) университет Академиялық кеңес отырысында бекітілген оқу бағдарламасы негізінде жасалған / **Программа дисциплины (Syllabus)** разработана на основании учебной программы, утверждённой на заседании Академического совета университета

Хаттама / Протокол № 4 « 16 » 04 2019 ж./г. (базалық және профильдік пәндер үшін / для базовых и профилирующих дисциплин)

Кафедра отырысында ұсынылған / Рекомендована на заседании кафедры

Бастапқы әскери дайындық

Хаттама / Протокол № 10 « 03 » 06 2020 ж./г.

БӘД кафедра меңгерушісі / Зав. кафедрой НВП


қолы / подпись

Сунцов В.В.
аты-жөні / ФИО

1. Пән туралы ақпарат

<i>Пәннің атауы/Наименование дисциплины</i> Әскери медициналық дайындық	<i>Пәннің коды/ Код дисциплины</i> VMP	<i>Кредит саны/ Количество кредитов</i> 5	<i>Курс: 4</i> <i>Семестр:</i> 7
<i>БББ атауы / Название ОП</i> Бастапқы әскери дайындық	<i>БББкоды / Код ОП</i> 5B010400	<i>Кафедра</i> БӘД	<i>Факультет</i> ППЖМФ
<i>Пәнді өткізу уақыты және орны / Время и место проведения дисциплины</i> оқу кестесі бойынша, № <u>2</u> оқу ғимараты, ___ ауд.			
<i>Кеңес беру уақыты – оқу кестесі бойынша</i>			
<i>Рейтинг кестесі: 7 және 15 апта / График рейтингі: 7 и 15 недели</i>			
<i>Оқытушының Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі</i> Адылбекова Айгүл Бейсембайқызы, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент		<i>Байланыс ақпараты (телефон, e-mail)/ Контактные данные (телефон, e-mail)</i> Байланыс телефоны – 87777961459, e-mail – prep_adylbeikova@mail.ru	

2. Пәннің қысқаша сипаттамасы

«Әскери медициналық дайындық» пәнді оқытудың мақсаты: «Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасының білім алушыларын жарақат, жауынгерлік зақымданулар және сәтсіз оқиғалар кезінде жеке табельдік немесе қолда бар құралдарды пайдалана отырып алғашқы көмек көрсету, сондай-ақ кең таралған жұқпалы аурулардың алдын алу, жеке және қоғамдық гигиена негіздерін қалыптастыру үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгеруді үйрету.

Пәннің негізгі міндеттері:

- жеке құрамның денсаулығын нығайту және жауынгерлік қабілеттілігін сақтау бойынша медициналық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу ережелерін түсіндіру;
- жаппай қырып-жою қарудың құралдармен зақымданған кезде өзіне-өзі және өзара көмек көрсету шараларын үйрету;
- бейбіт уақытта және соғыс уақытында емдеу-эвакуациялық, емдеу-алдын алу, эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу ерекшеліктерін көрсету.

Құзыреттіліктер:

Білім алушылар жарақаттар, жауынгерлік зақымданулар және сәтсіз оқиғалар кезінде жеке табельдік немесе қолда бар құралдарды пайдалана отырып алғашқы көмек көрсету, кең таралған жұқпалы аурулардың алдын алу, жеке және қоғамдық гигиена негіздерін сақтау, сондай-ақ ұрыс алаңында жараланғандарды іздестіріп тасымалдау дағдыларын меңгереді.

Пәннің оқыту нәтижелері:

- Білім алушылар жеке құрамның денсаулығын нығайту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуді біледі;
- жұқпалы аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алу шараларын жүргізуді үйренеді;
- шұғыл көмек көрсетуді талап ететін жарақаттардың, жіті ауру мен уланудың белгілерін біліп, сондай-ақ табельдік және қолда бар құралдарды пайдалана отырып алғашқы көмек көрсету әдістерін меңгереді;

- ұрыс алаңында жараланғандарды іздестіру, алғашқы көмек көрсету және тасымалдау жолдарын үйренеді;
- радиоактивті және уландырғыш заттардың, бактериялық құралдардың әсерінен зақымданған кезде өзіне-өзі және өзара көмек көрсету шараларын меңгереді.

3. Пәннің пререквизиттері

№	Пәндердің атауы, олардың бөлімдері (тақырыптары)
1	Адам анатомиясы

4. Пәннің постреквизиттері

№	Пәндердің атауы
1	Дипломалды іс-тәжірибе

5. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Пән тақырыптарының аталуы	апта	Сабақ түрі бойынша аудиторлық сағат саны		Сабақ түрі бойынша аудиторлық емес сағат саны		Барлығы (сағ)
			Дәріс (сағ.)	Пр/сем. саб (сағ.)	БӨЖ (сағ.)	БӨЖ (сағ.)	
1	«Әскери медициналық дайындық» пәніне кіріспе. Жауынгерлердің денсаулығын сақтау. Жеке және ұжымдық гигиена.	1-2	2	4	3	9	18
2	Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу.	3-4	2	4	3	9	18
3	Жаралану, сүйек сыну және күйеу кезіндегі алғашқы көмек.	5-7	4	6	3	9	22
4	Кейбір сәтсіз жағдайлар кезіндегі алғашқы көмек.	6-7	3	4	3	9	19
5	Ядролық қаруынан зақымданған кезінде алғашқы көмек көрсету.	8-10	2	4	3	10	19
6	Улағыш заттармен зақымданған кезінде алғашқы көмек көрсету.	11-12	3	4	4	10	21
7	Бактериологиялық қаруды қарсылас қолданған кезінде аурулардың алдын алу.	13-14	2	3	3	10	18
8	Ұрыс кезінде әскерлерді медициналық қамтамасыз етуінің ұйымдастыру қағидалары.	14-15	2	1	3	9	15
	Барлығы (сағ)		20	30	25	75	150

6. Дәріс сабақтарының мазмұны

Тақырып 1. «Әскери медициналық дайындық» пәніне кіріспе. Жауынгерлердің денсаулығын сақтау. Жеке және ұжымдық гигиена

Дәріс тезистері: Жауынгерлердің денсаулығын сақтау, жеке және ұжымдық гигиена. Ішкі қызмет жарғысы талабына сәйкес жауынгерлер денсаулығын сақтау. Денсаулықты сақтап, нығайтып, күшпен шыдамдылықты арттыруда және ағзаның дұрыс жетілуінде дене дайындығы және спортпен айналысудың алатын орны. Жеке адам гигиенасы. Сырт киіммен аяқ-киімді тазалықта ұстау. Төсек - орынды күту. Сыныптар және ұйықтау бөлмелерінің ауасын алмастырып таза ұстау. Жеке құрама жауынгерлерінің денсаулығын сақтауда, командирдің міндеттері *Әдебиет: [1,2,3]*.

Тақырып № 2 Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу

Дәріс тезистері: Жұқпалы науқастарға жалпы түсінік. Жұқпалы науқастардың пайда болу себептері және тарау жолдары. Жұқпалы аурумен науқастанғандарды уақытылы анықтап және басқалардан оқшаулаудың маңызы. Жұқпалы науқастардан сақтандыруда бөлімшелерде санитарлы-гигиеналық шаралардың командирдың атқаратын міндеттері. *Әдебиет: [1,2,3,5,6,8]*.

Тақырып № 3: Жаралану, сүйек сыну және күйо кезіндегі алғашқы көмек

Дәріс тезистері: Жарақат және жара туралы түсінік. Жарақаттық шок. Ұлпалардың ұзақ жаншылу синдромы. Қан кетудің түрлері және оларды тоқтату тәсілдері. Сүйектердің сыну түрлері және қарапайым жақтаулар мен қолда бар құралдарды пайдалана отырып көмек көрсету. Күйік, оның түрлері, белгілері және алғашқы көмек. Күйік алаңын анықтау. Жеке медициналық таңу пакеті, оның құрылымы және оны пайдалану ережесі. Жұмсақ ұлпалардың қатты соғылуы, бұындардың шығуы және сіңірдердің созылуы. Бас, кеуде және құрсақ зақымданулары. Жарақаттанушылар мен зақымданушыларды ұрыс алаңынан тасымалдау жолдары. *Әдебиет: [1,2,3,5,6,8]*.

Тақырып № 4: Кейбір сәтсіз жағдайлар кезіндегі алғашқы көмек.

Дәріс тезистері: Улы техникалық сұйықтықтармен және улы газбен улану кезінде алғашқы көмек көрсету. Саңырауқұлақпен және жидектермен уланған, жыланның шағуы және т.б. кезінде алғашқы көмек көрсету. Суға батқан кездегі алғашқы көмек. Электр жарақаты кезіндегі алғашқы көмек. Күн тию мен ыстық өткенде көрсетілетін алғашқы көмек көлемі. Үсік шалған және жалпы домбығу кездегі алғашқы көмек. Жүрек-өкпе реанимация туралы түсінік. Жасанды тыныстандыру техникасы. Жүрекке жабық массаж жасау техникасы. *Әдебиет: [1,2,3,5,6,8]*.

Тақырып № 5: Ядролық қаруынан зақымдану кезінде алғашқы көмек көрсету

Дәріс тезистері: Ядролық қарудан зақымдану кезіндегі шығынның сипаты. Өткіш радиация ағзаға әсер еткенде пайда болатын сәуле ауруы. Арнайы дәрілерін сәулеленуден бұрын қолданудың маңызы. Радиоактивті заттардың ағзаға еніп кету қауыпы және алғашқы көмек. Бөлімше жауынгерлерін өткір сәуле ауруынан сақтандыру. Бөлімше жауынгерлерінің қаншалықты сәулеленгеніне дозиметрлік бақылау жасау. Сәулеленудің шекті мүмкіндік дозасы. Ядролық жарылыс кезінде аралас зақымдану түрлері (ауыр зақымданулар, тері қабаттарының көлемді күйі, көздің күйі және сәуле ауруы). Алғашқы көмек көрсету ерекшеліктері. *Әдебиет: [1,2,3,5,6,8]*.

Тақырып № 6: Улағыш заттармен зақымданған кезінде алғашқы көмек көрсету.

Дәріс тезистері: Химиялық қару туралы түсінік. Улағыш заттардың жіктелуі, қысқаша мінездемесі. Улағыш заттардың зақымдану белгілері және алғашқы көмек көлемі. Химияға қарсы жеке пакеттің, шприцтің, антитоты бар қыспанын, түтінге қарсы қоспасы бар ампулалардың құрылымы, мақсаты және пайдалану ережесі. Командирдің ұрыс даласында зақымдалғандарға алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі міндеттері. *Әдебиет: [1,2,3,11]*.

Тақырып № 7: Бактериологиялық қаруды қарсылас қолданған кезінде аурулардың алдын алу.

Дәріс тезистері: Бактериологиялық қаруы туралы түсінік. Аурудың қоздырғыштары және бактериялық қару ретінде қарсыластың қолдануы мүмкін токсиндер. Жеке құрамның бактериологиялық қарумен зақымдану белгілері. Бөлімшелерде жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу бойынша іс-шаралар. Өзіндік алдын алу және оның маңызы.

Зақымдану ошағында жеке құрамның жүріс-тұрыс ережелері. Обсервация және карантин туралы түсінік. Командирдің оларды ұйымдастыру мен өткізудегі міндеттері. *Әдебиет: [1,2,3,10,11].*

Тақырып № 8. Ұрыс кезінде әскерлерді медициналық қамтамасыз етуінің ұйымдастыру қағидалары.

Дәріс тезистері: Медициналық көмектің түрлері. Медициналық реттеу. Айқастың негізгі түрлерінде бөлімшелердің медициналық қызметін ұйымдастыру және негізгі міндеттері. Ұрыс даласында (зақымдану ошағында) жарақаттанғандарға алғашқы көмек көрсету және көшіру кезіндегі командирдің атқаратын міндеттері. Жауынгерлік жағдайларда санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру негіздері және командирдің осы іс-шараларды жүргізудегі міндеттері. *Әдебиет: [1,2,3,10,11].*

7. Практикалық (семинарлық) сабақтар мазмұны

1 тақырып. «Әскери медициналық дайындық» пәніне кіріспе. Жауынгерлердің денсаулығын сақтау. Жеке және ұжымдық гигиена Тапсырма:

1. Негізгі түсініктер мен ұғымдар. Жауынгерлердің денсаулығын сақтау шаралары. Денсаулық сақтау туралы ішкі қызмет Жарғысының талаптары. Дене шынықтыру және спортпен шұғылданудың дұрыс дамуы, денсаулықты, күш пен төзімділікті сақтау және нығайту үшін маңызы. Командирдің жеке құрамның денсаулығын сақтаудағы міндеттері.

2. Жеке және ұжымдық гигиена туралы түсінік.

3. Киім мен аяқ-киімді таза ұстау. Сынып және жатын үй-жайларды желдету және оларды таза ұстау.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Денсаулықты сақтап, нығайтып, күшпен шыдамдылықты арттыруда және ағзаның дұрыс жетілуінде дене дайындығы және спортпен айналысудың алатын орнын оқып білу. *Әдебиет: [1,2,3].*

2 тақырып. Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу Тапсырма:

1. Жұқпалы ауруларға жалпы түсінік

2. Эпидемиялық процесс туралы түсінік.

3. Жұқпалы аурулардың пайда болу себептері, белгілері және алдын алу жолдары (оба, тырысқақ, түйнеме және т.б.).

4. Командирдің бөлімшеде тиісті санитарлық-гигиеналық жағдайларды сақтау және инфекциялық аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды өткізу жөніндегі міндеттері.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Жұқпалы науқастардың пайда болу себептері мен тарау жолдарын зерттеу. *Әдебиет: [1,2,3,5,6,8].*

3 тақырып. Жаралану, сүйек сыну және күйо кезіндегі алғашқы көмек.

Тапсырма:

1. Жарақат туралы жалпы түсінік. Жарақаттық шок, оның себептері, түрлері, белгілері және алғашқы көмек. Ұлпалардың ұзақ жаншылу синдромы, оның себептері, белгілері және алғашқы көмек.

2. Жара белгілері, көрсетілетін алғашқы медициналық көмек көлемі.

3. Қан кету кезіндегі көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.

4. Сүйек сынуда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек әдістері.

5. Күйік, оның түрлері және алғашқы медициналық көмек көлемі.

6. Жұмсақ ұлпалардың соғылуы, бұындардың шығуы және сіңірдердің созылуы, олардың белгілері және оларға алғашқы көмек көрсету.

7. Жеке таңу пакеті, оның құрылымы және оны пайдалану ережесі. Бас, дене және аяқ жарақаттары кезінде жеке таңғыш пакетімен таңғышты салу.

8. Жарақаттанушылар мен зақымданушыларды ұрыс даласынан алып шығару.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Жарақаттарға жалпы түсінік беру. Қан кету түрлері оларды жгут салу, бұрап тарту және саусақпен басып

тоқтату әдістері. Сүйек сынуы түрлері және қолдағы бар қарапайым материалдарды пайдаланып көмек көрсету. Күю жайлы жалпы түсінік. Күйіктер кезінде өзіне және басқаларға көмек көрсете білу. *Әдебиет: [1,2,3,5,6-13].*

4 тақырып. Кейбір сәтсіз жағдайлар кезіндегі алғашқы көмек. Тапсырма:

1. Суға батқанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.
2. Электр жарақаты кезіндегі көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.
3. Күн тию мен ыстық өткенде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек көлемі.
4. Үсік шалған және жалпы домбығу кездегі алғашқы көмек.
5. Жүрек-өкпе реанимация туралы түсінік. Жасанды тыныстандыру техникасы.

Жүрекке жабық массаж жасау техникасы.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Төтенше жағдайлардағы зақымдану кезінде дәргерлік көмек көрсету әдістерін меңгеру. *Әдебиет: [1,2,3,5,6,8].*

5 тақырып. Ядролық қаруынан зақымданған кезінде алғашқы көмек көрсету.

Тапсырма:

1. Ядролық қару туралы жалпы түсінік. Ядролық қаруынан зақымдану кезіндегі санитарлық шығындардың сипаттамасы.

2. Ядролық жарылыс кезіндегі күйіктер мен жарақаттардың ерекшеліктері.

3. Сәулелік зақымданулар. Өткір сәуле ауруы, оның дәрежесі, белгілері және дамуын алдын алатын іс-шаралар.

4. Алғашқы көмек көрсету кезінде медициналық қорғаудың жеке құралдарын пайдалану.

5. Радиациялық зақымданулардың алдын алу.

6. Ядролық жарылыстан аралас зақымданулардың сипаттамасы. Алғашқы көмек көрсету ерекшеліктері.

7. Ядролық жарылыс ошағында емдеу-эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Ядролық қарудан зақымдану кезінде алғашқы көмек көрсету әдістерін меңгеру. *Әдебиет: [1,2,3,5,6,8].*

6 тақырып. Улағыш заттармен зақымданған кезінде алғашқы көмек көрсету.

Тапсырма:

1. Химиялық қару туралы түсінік. Уландырғыш заттардың жіктелуі, қысқаша мінездемесі.

2. Уландырғыш заттардың зақымдану белгілері және алғашқы көмек көлемі.

3. Химияға қарсы жеке пакеттің, шприцтің, антидоты бар қыспанын, түтінге қарсы қоспасы бар ампулалардың құрылымы, мақсаты және пайдалану ережесі.

4. Командирдің ұрыс даласында зақымдалғандарға алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі міндеттері.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Улану кезінде алғашқы көмек көрсету әдістерін меңгеру. *[1,2,3-10].*

7 тақырып. Бактериологиялық қаруды қарсылас қолданған кезінде аурулардың алдын алу.

Тапсырма:

1. Бактериологиялық қаруы туралы түсінік. Аурудың қоздырғыштары және бактериялық қару ретінде қарсыластың қолдануы мүмкін токсиндер.

2. Жеке құрамның бактериологиялық қарумен зақымдану белгілері.

3. Бөлімшелерде жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу бойынша іс-шаралар. Эпидемияға қарсы шаралары.Өзіндік алдын алу және оның маңызы.

4. Зақымдану ошағында жеке құрамның жүріс-тұрыс ережелері. Обсервация және карантин туралы түсінік. Командирдің оларды ұйымдастыру мен өткізудегі міндеттері.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Жау бактериологиялық қару қолданғанда науқастанудан сақтандыру әдістерін меңгеру. [1,2,3,10,11].

8 тақырып. Ұрыс кезінде әскерлерді медициналық қамтамасыз етуінің ұйымдастыру қағидалары. Тапсырма:

1. Медициналық көмектің түрлері. Медициналық реттеу.
2. Айқастың негізгі түрлерінде бөлімшелердің медициналық қызметін ұйымдастыру және негізгі міндеттері.
3. Ұрыс даласында (зақымдану ошағында) жарақаттанғандарға алғашқы көмек көрсету және көшіру кезіндегі командирдің атқаратын міндеттері.
4. Жауынгерлік жағдайларда санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру негіздері және командирдің осы іс-шараларды жүргізудегі міндеттері.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Әскерді соғыс жағдайында медициналық көмекпен қамтамасыз ету шараларын меңгеру. [1,2,3,10].

8. БӨЖ мен БОӨЖ бойынша тапсырма

№ Тақырып атауы	Тапсырма мазмұны	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
1 «Әскери медициналық дайындық» пәніне кіріспе. Жауынгерлердің денсаулығын сақтау. Жеке және ұжымдық гигиена.	Кіріспе. Негізгі түсініктер мен ұғымдар. Жауынгерлердің денсаулығын сақтау шаралары. Жеке және ұжымдық гигиена туралы түсінік. Киім мен аяқ-киімді таза ұстау. Сынып және жатын үй-жайларды желдету және оларды таза ұстау. Денсаулық сақтау туралы ішкі қызмет Жарғысының талаптары. Дене шынықтыру және спортпен шұғылданудың дұрыс дамуы, денсаулықты, күшпен төзімділікті сақтау және нығайту үшін маңызы. Командирдің жеке құрамның денсаулығын сақтаудағы міндеттері.	конспект, ауызша жауап	1-2
2 Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу.	Жұқпалы аурулар туралы жалпы мәліметтер. Эпидемиялық процесс туралы түсінік. Жұқпалы ауруларды тудыратын себептері және инфекцияның таралу жолдары. Жұқпалы аурулардың пайда болу себептері, белгілері және алдын алу жолдары (оба, тырысқақ, түйнеме және т.б.). Сақтандыру екепелері. Имунитет туралы түсінік. Командирдің бөлімшеде тиісті санитарлық-гигиеналық жағдайларды сақтау және инфекциялық аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды өткізу жөніндегі міндеттері.	конспект, ауызша жауап	3-4

3	Жаралану, сүйек сыну және күйеу кезіндегі алғашқы көмек.	Жарақат және жара туралы түсінік. Жарақаттық шок. Ұлпалардың ұзақ жаншылу синдромы. Қан кетудің түрлері және оларды тоқтату тәсілдері. Сүйектердің сыну түрлері және қарапайым жақтаулар мен қолда бар құралдарды пайдалана отырып көмек көрсету. Күйік, оның түрлері, белгілері және алғашқы көмек. Күйік алаңын анықтау. Жеке медициналық таңу пакеті, оның құрылымы және оны пайдалану ережесі. Жұмсақ ұлпалардың қатты соғылуы, бұындардың шығуы және сіңірдердің созылуы. Бас, кеуде және құрсақ зақымданулары. Жарақаттанушылар мен зақымданушыларды ұрыс алаңынан тасымалдау жолдары.	конспект, ауызша жауап, дағды	5-7
4	Кейбір сәтсіз жағдайлар кезіндегі алғашқы көмек.	Улы техникалық сұйықтықтармен және улы газбен улану кезінде алғашқы көмек көрсету. Саңырауқұлақпен және жидектермен уланған, жыланның шағуы және т.б. кезінде алғашқы көмек көрсету. Суға батқан кездегі алғашқы көмек. Электр жарақаты кезіндегі алғашқы көмек. Күн тию мен ыстық өткенде көрсетілетін алғашқы көмек көлемі. Үсік шалған және жалпы домбығу кездегі алғашқы көмек. Жүрек-өкпе реанимация туралы түсінік. Жасанды тыныстандыру техникасы. Жүрекке жабық массаж жасау техникасы.	конспект, ауызша жауап, дағды	6-7
5	Ядролық қаруынан зақымданған кезінде алғашқы көмек көрсету.	Ядролық қару туралы жалпы түсінік. Ядролық қаруынан зақымдану кезіндегі санитарлық шығындардың сипаттамасы. Ядролық жарылыс кезіндегі күйіктер мен жарақаттардың ерекшеліктері. Сәулелік зақымданулар. Өткір сәуле ауруы, оның дәрежесі, белгілері және дамуын алдын алатын іс-шаралар. Алғашқы көмек көрсету кезінде медициналық қорғаудың жеке құралдарын пайдалану. Ядролық жарылыстан аралас зақымданулардың сипаттамасы, алғашқы көмек көрсету ерекшеліктері. Радиациялық зақымданулардың алдын алу. Жеке құрамның сәулеленуін дозиметриялық бақылау. Ядролық жарылыс ошағында емдеу-эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.	конспект, ауызша жауап, дағды	8-10
6	Улағыш заттармен зақымданған кезінде алғашқы көмек көрсету.	Химиялық қару туралы түсінік. Улағыш заттардың жіктелуі, қысқаша мінездемесі. Улағыш заттардың зақымдану белгілері және алғашқы көмек көлемі. Химияға қарсы жеке пакеттің, шприцтің, антидоты бар қыспанын, түтінге қарсы қоспасы бар ампулалардың құрылымы, мақсаты және пайдалану ережесі. Командирдің ұрыс даласында зақымдалғандарға алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі міндеттері.	конспект, ауызша жауап	11-12

7	Бактериологиялық қаруды қарсылас қолданған кезінде аурулардың алдын алу.	Бактериологиялық қаруы туралы түсінік. Аурудың қоздырғыштары және бактериялық қару ретінде қарсыластың қолдануы мүмкін токсиндер. Жеке құрамның бактериологиялық қарумен зақымдану белгілері. Бөлімшелерде жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу бойынша іс-шаралар. Эпидемияға қарсы шаралары. Өзіндік алдын алу және оның маңызы. Зақымдану ошағында жеке құрамның жүріс-тұрыс ережелері. Обсервация және карантин туралы түсінік. Командирдің оларды ұйымдастыру мен өткізудегі міндеттері.	конспект, ауызша жауап	13-14
8	Ұрыс кезінде әскерлерді медициналық қамтамасыз етуінің ұйымдастыру қағидалары.	Медициналық көмектің түрлері. Медициналық реттеу. Айқастың негізгі түрлерінде бөлімшелердің медициналық қызметін ұйымдастыру және негізгі міндеттері. Ұрыс даласында (зақымдану ошағында) жарақаттанғандарға алғашқы көмек көрсету және көшіру кезіндегі командирдің атқаратын міндеттері. Жауынгерлік жағдайларда санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру негіздері және командирдің осы іс-шараларды жүргізудегі міндеттері.	конспект, ауызша жауап	14-15

Барлық сұрақтар бойынша кеңес беру ағымдағы семестр бойынша БОӨЖ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұпай қою саясаты мен критерийлері

Кредиттік технология жағдайында оқу процесін ұйымдастыру элементтерінің бірі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін қолдану болып табылады. Ұпай қою саясаты объективтілік, ашықтық, икемділік және жоғары саралаушылық принциптеріне негізделеді. Пәнді оқыту барлық өтілген материалды қамтитын, әртүрлі формада (жазбаша немесе ауызша емтихан, тестілеу) емтихан қабылдаумен аяқталады. Емтихан тапсыруға рұқсат алудың негізгі шарты – бағдарлама бойынша барлық тапсырмаларды орындау. Әр тапсырма 0-100 баллмен бағаланады.

Бірінші және екінші рейтинг ағымдық үлгерімін анықтаудағы ұпайларын үлестіру

№	Жұмыс түрі	Бір тапсырмаға қойылатын баға (max балл)	Тапсырма саны	Жиынтық баға
Рейтинг 1				
1	Конспект, ағымдық бақылау (ауызша жауап)-- АБ ₁	100	7	700
2	Іс-тәжірибелік дағдыларды меңгеру – АБ ₂	100	2	200
3	Аралық бақылау-1 (ауызша жауап) – АрБ ₁	100	1	100
Барлығы			10	1000
$P_1 = \text{Жиынтық баға} / \text{тапсырмалар саны} = 1000/10 = \mathbf{100}$				
Рейтинг 2				
1	Конспект, ағымдық бақылау (ауызша жауап)–АБ ₃	100	8	800
2	Іс-тәжірибелік дағдыларды меңгеру– АБ ₄	100	1	100
3	Аралық бақылау-2 (ауызша жауап) – АрБ ₂	100	1	100
Барлығы			10	1000
$P_2 = \text{Жиынтық баға} / \text{тапсырмалар саны} = 1000/10 = \mathbf{100}$				

Емтихан бағасы	100
-----------------------	------------

Емтиханға жіберу рейтингісінің (ЖР) бағасы академиялық кезең бойынша алынған барлық ағымдық және аралық бақылаулар бағасы қосындысының орташа арифметикалық мәні болып табылады:

$$ЖР = (АБ_1 + АБ_2 + АБ_3 + \dots + АБ_n + АрБ_1 + АрБ_2) / (n+2),$$

мұндағы ЖБ – емтиханға жіберу рейтингісі; АБ – ағымдық бақылау; АрБ – аралық бақылау; n – ағымдық бақылаулар саны; 2 – аралық бақылаулар саны.

$$ЖР = (1000+1000+100+100) / (20+2) = 2200/22 = 100$$

Пән бойынша қорытынды бақылауға пән бағдарламасының барлық талаптарын орындаған (барлық практикалық (семинарлық) жұмыстарды және БОӨЖ, БӨЖ бойынша тапсырмаларды орындаған және тапсырған), емтиханға жіберу рейтингісін (50 баллдан кем емес) жинаған білім алушы жіберіледі. Пән бойынша емтиханға жіберу рейтингісі оң баға болмаса (50 баллдан кем емес) білім алушы емтиханға жіберілмейді.

Пән бойынша қорытынды баға (К) автоматты түрде төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$К = ((P_1+P_2)/2*0,6) + (емтихан бағасы*0,4),$$

мұндағы P₁ – бірінші аралық бақылау бағасы; P₂ – екінші аралық бақылау бағасы.

Пән бойынша қорытынды баға білім алушы тек емтиханға жіберу рейтингісі бойынша да, қорытынды бақылау бойынша да оң баға (50 баллдан кем емес) алған жағдайда есептеледі. Қандай да бір дәлелді немесе дәлелсіз себептермен қорытынды бақылауға келмеген жағдайда «Емтихан бағасы» бағанасына «0» (нөл) қойылады. Пән бойынша аралық аттестация нәтижелері білім алушыға сол күні хабарланады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың төрт баллдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Баллдардың сандық эквиваленті	Баллдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

10. Оқытушы талабы

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты академиялық адалдық, талаптардың бірлігі, объективтілік пен адалдық, ашықтық және ашықтық принциптеріне негізделген. Бірінші сабақта оқытушы білім алушыларды пәннің жұмыс оқу жоспары (силлабусы), академиялық пәннің жоспарланған оқу нәтижелері және оларды бағалау тәртібі туралы таныстырады.

Академиялық әділетсіздік байқалған жағдайда ЖОО білім алушылары тарапынан:

- аудиториядағы және аудиториядан тыс сабақтар кезінде: бірінші жол берілген тәртіп бұзғаннан кейін құрылған комиссия білім алушылармен әңгімелесу өткізеді; актіде шығарылған ескерту және қабылданатын шара (бағаланатын жұмыс үшін бағаны

төмендету; білім алушының жазбаша жұмысын жою, бақылау іс-шарасын қайта өткізуге ұсыныс және т.б.) тіркеледі. Академиялық адалдық фактілеріне қайта жол берілген жағдайда оқу жылы ішінде қайта комиссия құрылады, акт жасалады және одан әрі шешімдер қабылдау үшін тәртіптік-сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңеске (бұдан әрі – ТСЖҚК) беріледі;

- *аралық немесе қорытынды аттестаттау кезінде:* Академиялық әділетсіздік көрсеткен білім алушы сол академиялық кезеңде емтиханды қайта тапсыру құқығынсыз аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан ведомосына «Академиялық әділетсіздік танытқаны үшін емтиханнан алынды» деген жазба жазылады, оның түрі көрсетіледі. Емтиханды қайта тапсыру жазғы семестрде немесе келесі академиялық семестрде ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушы осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және емтихан тапсырады. Емтиханнан қайта шығарылған жағдайда (ЖОО-да оқудың барлық кезеңі ішінде) білім алушы ШҚМУ-ға қайта қабылдану құқығынсыз оқудан шығарылады.

Білім алушының барлық аудиториялық сабақтарға кешікпей, сабаққа қатысуы міндетті болып табылады. Сабақтан қалған жағдайда деканатта тағайындалған тәртіппен өтелінеді. Берілген курстың білім алушылар контингентіне кірмейтін бөгде адамдардың дәріске қатысуына тыйым салынады.

Жұмысты көрсетілген мерзімде тапсыру қажет. Барлық тапсырмаларды тапсырудың соңғы мерзімі емтихан сессиясына 5 күн қалғанға дейін беріледі.

Әрбір оқу сабағы бойынша тақырыпты қайталау мен өтілген материалды өтеу міндетті. Оқу материалының меңгерілу дәрежесі жазбаша жұмыстармен немесе тестпен тексеріледі білім алушыларды тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысын (БОӨЖ) орындау кезінде келесі негізгі қызметтер ескеріледі:

1) оқу пәні бойынша бағыттау-бағдарлау сабақтары кезінде оқытушы берген ақпаратты білім алушылардың белсенді қабылдауын іске асыруды көздейді;

2) оқытушының ұсынымы негізінде білім алушылардың өздігінен оқу-әдістемелік құралдарды, әдебиеттерді оқуын, үй тапсырмаларын, бақылау, курстық жұмыстарды және т.б. орындауын көздейді. Бұл кезеңде білім алушылардан жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін білу, қиындықтарды анықтау, өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік тәртіп талап етіледі;

3) өздерінде қиындық тудырған жағдайларды талдау мен жүйелеу, оқу материалын түсіну мен меңгерудегі қиындықтар себебін анықтау, басқа оқу әрекетін орындау. Білім алушы шешімі табылмаған қиыншылықтарды оқытушыларға арналған сұрақтар жүйесіне айналдырады (оларды саралайды, реттейді, ресімдейді), бұл сұрақтарға өз жауаптарының нұсқаларын дайындайды;

4) түсініктеме, ақыл-кеңес, кеңес алу үшін оқытушымен сұхбаттасуын білдіреді.

11. Емтихан сұрақтары

1. Жауынгерлердің денсаулығын сақтау шаралары. Ішкі қызмет Жарғысы талабына сәйкес жауынгерлердің денсаулығын сақтау.
2. Жеке бас гигиенаны сақтау ережелері. Киім және аяқ-киім тазалығы.
3. Жеке гигиена туралы жалпы түсінік. Жауынгерлердің жеке бас гигиена ерекшелігі.
4. Ұжымдық гигиена. Сынып пен жатын үй-жайларды желдету және оларды таза ұстау.
5. Ұжымдық гигиена. Оқу бөлмелерінің тазалығы. Санитарлық-гигиеналық талаптар.
6. Жұқпалы аурулар туралы жалпы мәліметтер. Эпидемиялық процесс. Эпидемияға қарсы шаралар.
7. Жұқпалы ауруларды тудыратын себептері және инфекцияның таралу жолдары. Командирдің бөлімшеде жұқпалы аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды өткізу жөніндегі міндеттері.

8. Жұқпалы аурулар туралы түсінік. Оба, оның қоздырғышы, таралу жолдары, негізгі белгілері және алдын алу шаралары.
9. Жұқпалы аурулар туралы түсінік. Тырысқақ, оның қоздырғышы, таралу жолдары, негізгі белгілері және алдын алу шаралары.
10. Жұқпалы аурулар туралы түсінік. Түйнеме (сібір жарасы), оның қоздырғышы, таралу жолдары, негізгі белгілері және алдын алу шаралары.
11. Жұқпалы аурулар, олардың себептері және тарайтын жолдары. Сақтандыру екпелері. Иммунитет туралы түсінік.
12. Аса қауіпті жұқпалы инфекция (оба, тырысқақ), олардың қоздырғыштары, тарайтын жолдары және алдын алу шаралары.
13. Жарақат туралы түсінік. Жарақаттық шок, оның кезеңдері, белгілері және алғашқы көмек.
14. Жарақат туралы түсінік. Ұлпалардың ұзақ жаншылу синдромы, оның белгілері және алғашқы көмек.
15. Жабық жарақаттар (жұмсақ ұлпалардың қатты соғылуы, сіңірлердің созылуы және буындардың шығуы), олардың белгілері және алғашқы медициналық көмек.
16. Бастың жабық зақымданулары (мидың қатты соғылуы, шайқалуы және қысылуы), олардың белгілері және алғашқы медициналық көмек.
17. Кеуденің ашық және жабық зақымданулары, олардың белгілері, асқынуы (пневмоторакс, гемоторакс) және алғашқы медициналық көмек.
18. Құрсақтың (іштің) ашық және жабық зақымданулары, олардың белгілері, асқынуы, және алғашқы медициналық көмек пен тасымалдау ережесі.
19. Жара, олардың түрлері, белгілері және алғашқы медициналық көмек.
20. Жаралану туралы түсінік. Асептика және антисептика.
21. Таңғыш түрлері және оларды салу ережесі. Жеке медициналық таңу пакеті, оның құрылымы және пайдалану ережесі.
22. Қан кетудің түрлері және оларды тоқтату тәсілдері.
23. Қан кету түрлері. Қан ағуды тоқтатудың уақытша тәсілінің әдістері.
24. Қан кету, оның түрлері және қан ағуды тоқтатудың уақытша тәсілі.
25. Сүйектің сынуы, олардың түрлері, белгілері және алғашқы медициналық көмек.
26. Сүйектердің сыну түрлері және қарапайым жақтаулар мен қолда бар құралдарды пайдалана алғашқы көмек көрсету.
27. Омыртқа мен жамбас сүйектерінің сыну кезіндегі алғашқы көмек және тасымалдау ерекшелігі.
28. Күйік, оның түрлері, белгілері және алғашқы көмек. Күйік алаңын анықтау әдістері.
29. Күйік, оның түрлері, белгілері және алғашқы медициналық көмек.
30. Термиялық күйік, оның белгілері және алғашқы медициналық көмек.
31. Жарақаттанушылар мен зақымданушыларды ұрыс алаңынан алып шығару және тасымалдау жолдары.
32. Улы техникалық сұйықтықтармен және улы газбен улану кезінде алғашқы көмек көрсету.
33. Саңырауқұлақпен және жидектермен уланған, жыланның шағуы және т.б. кезінде алғашқы көмек көрсету.
34. Суға батқан кездегі алғашқы көмек.
35. Электр жарақаты кезіндегі алғашқы көмек.
36. Күн тию мен ыстық өткенде көрсетілетін алғашқы көмек.
37. Үсік шалған және жалпы домбығу кездегі алғашқы көмек.
38. Жүрек-өкпе реанимация туралы түсінік. Жасанды тыныстандыру техникасы. Жүрекке жабық массаж жасау техникасы.
39. Реанимация туралы түсінік. Жасанды тыныстандыру және жүрекке жабық массаж жасау техникасы.

40. Ядролық қару туралы жалпы түсінік. Ядролық қаруынан зақымдану кезіндегі санитарлық шығындардың сипаттамасы.
41. Ядролық жарылыс кезіндегі күйіктер мен жарақаттардың ерекшеліктері.
42. Ядролық жарылыстың негізгі зақымдаушы факторлары және олардың әсерінен пайда болған зақымданулардың ерекшелігі.
43. Сәулелік зақымданулар. Өткір сәуле ауруы, оның дәрежесі, белгілері және дамуын алдын алатын іс-шаралар.
44. Өткір сәуле ауруы, оның белгілері және алғашқы көмек көрсету кезінде медициналық қорғаудың жеке құралдарын пайдалану.
45. Ядролық жарылыстан аралас зақымданулардың сипаттамасы және алғашқы көмек.
46. Радиациялық зақымданулардың алдын алу. Жеке құрамның сәулеленуін дозиметриялық бақылау.
47. Бөлімшелердің жеке құрамын жеке қорғаныс құралдарымен және сәулеленуді бақылау құралдарымен қамтамасыз ету.
48. Ядролық жарылыс ошағында емдеу-эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.
49. Ядролық жарылыс ошағында зардапшекендерді медициналық бөлімшеге жеткізу. Зақымданғандарды алып шығару (жеткізу) кезектілігі. Зақымданған жердегі тәртіп ережелері.
50. Химиялық қару туралы түсінік. Улағыш заттардың жіктелуі, зақымдану белгілері және көрсетілетін алғашқы көмек.
51. Улағыш заттардан болған зақымданулардың белгілері және алғашқы көмек.
52. Ұрыс алаңында жүйке жансыздандырғыш, жалпы улағыш, теріні іріңдеткіш және тұншықтырғыш әрекетті улағыш заттардан зақымдану кезінде алғашқы көмек көрсету.
53. Химияға қарсы жеке пакеттің құрылымы, мақсаты және пайдалану ережесі. Ұрыс даласында командирдің зақымдалғандарға алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі міндеттері.
54. Бактериологиялық қаруы туралы түсінік. Бактериялық қару ретінде қарсыластың қолдануы мүмкін аурудың қоздырғыштары және токсиндері.
55. Жеке құрамның бактериологиялық қаруынан зақымдану белгілері және алғашқы көмек көрсету кезінде медициналық қорғаудың жеке құралдарын пайдалану.
56. Бөлімшелерде жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралар. Арнаулы (өзіндік) алдын алу және оның маңызы. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация әдістері.
57. Бактериологиялық зақымдану ошағында жеке құрамның жүріс-тұрыс ережелері. Обсервация және карантин туралы түсінік.
58. Обсервация және карантин туралы түсінік. Командирдің оларды ұйымдастыру мен өткізудегі міндеттері.
59. Бактериологиялық қару. Бактериялық құралдар ретінде қарсыластың қолдануы мүмкін аурудың қоздырғыштары.
60. Жұқпалы аурулар туралы түсінік (оба және т.б.). Эпидемияға қарсы шаралар. Карантин және обсервация. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация.
61. Жұқпалы аурулар туралы түсінік (түйнеме және т.б.). Эпидемияға қарсы шаралар. Карантин және обсервация.
62. Жауынгерлерді санитарлық тазартудан (өндеуден) өткізу. Жартылай (ішінара) және толық өндеу.
63. Бөлімшелердің жеке құрамын жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету.
64. Жеке қорғаудың медициналық құралдары, олардың құрылымы және пайдалану ережесі.
65. Жеке қорғаудың медициналық құралдары. Жеке дәрі-дәрмек қобдишасы (АИ-2), оның құрылымы және пайдалану ережесі.

66. Ұжымдық қорғаныс құралдары (панахана, радиацияға қарсы жабындар және қарапайым түрдегі паналау құралдары).
67. Жеке қорғаныс құралдары. Тыныс алу жолдарын қорғау құралдары, олардың құрылымы және пайдалану ережесі.
68. Жеке қорғаныс құралдары. Теріні қорғау құралдары, олардың құрылымы және пайдалану ережесі.
69. Жауынгерлерді санитарлық тазартудан өткізу. Ішінара және толық тазарту.
70. Дезактивация, дегазация және дезинфекция әдістері.
71. Жарақаталғандар мен зардапшекендерді тасымалдау жолдары және құралдары.
72. Медициналық көмектің түрлері. Медициналық реттеу. Айқастың негізгі түрлерінде бөлімшелердің медициналық қызметін ұйымдастыру және негізгі міндеттері.
73. Ұрыс даласында (зақымдану ошағында) жарақаттанғандарға алғашқы көмек көрсету және көшіру кезіндегі командирдің атқаратын міндеттері.
74. Жауынгерлік жағдайларда санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру негіздері және командирдің осы іс-шараларды жүргізудегі міндеттері.
75. Ұрыс кезінде әскерлерді медициналық қамтамасыз етуінің ұйымдастыру қағидалары.

12. Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Мұхаметжанов А.М., Асқаров Б.С., Жұбаналиев Е.З. Әскерлерді медициналық қамтамасыз ету негіздері : оқу құралы. – Қарағанды : ЖК «АҚНҰР баспасы», 2013 - 118 б.
2. Мұхаметжанов А.М. Химиялық қарудың жалпы және медицина-тактикалық сипаттамасы: оқу құралы. – Қарағанды: Ақнұр баспасы. – 2013. – 276б.
3. Мұхаметжанов А.М. Бейбітшілік уақытындағы әскери бөлімінің медициналық рота жұмысының құрылымы және ұйымдастырылуы: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр баспасы", 2013. - 178 бет.

Қосымша әдебиеттер

4. Мұхаметжанов А.М., Әбдіқалықов М.Қ. Жалпы және әскери радиобиология : оқу құралы. – Қарағанды : ЖК «АҚНҰР баспасы», 2013. – 124 бет.
5. Адильбекова А.Б. Основы медицинской подготовки: учебно-методическое пособие. – Усть-Каменогорск, Изд-во Берел ВКГУ им. С. Аманжолова, 2017. – 122с.
6. Салықжанова А.А., Куленова Г.Б. Әскери медициналық дайындық: оқу құралы. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2013. – 104б.
7. Жантасов Қ.Т., Сулейменов А.Т., Назарбекова С.П., Маханов Б.Б., Кочеров Е.Н. Төтенше жағдайлардағы тіршілік қауіпсіздігі: оқулық. – Алматы: Дәур, 2011. – 272б.
8. Татаева Р.К., Зайнелова Г.З., Адильбекова А.Б. Химиялық зақымдану ошағында өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары: оқу-әдістемелік құрал. Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 30б.
9. Әділбекова А.Б. Өмір-тіршілік қауіпсіздігінің негіздері: электронды оқу құрал. С. Аманжолов атындағы ШҚМУ білім беру порталы, 2010.

Анықтамалық әдебиеттер

10. Тайжанов С. Салауатты өмір салтының негіздірі (әдістемелік құрал). – Алматы: Эверо. 2014. – 160б.
11. Наставление по медицинскому обеспечению в Вооруженных Силах Республики Казахстан.– 2014.

Интернет-көздері

12. <http://emer.gov.kz/>
13. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%98%D1%81%D0%BA%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%BC%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D1%86%D0%B8%D0%BD%D0%B0>
14. <https://mylektcii.ru/7-111606.html>

15. <https://mylektsii.ru/7-111607.html>